


Пән	Қазақ әдебиеті
Мұғалім	Смағұлова Гүлжазира Ғинаятқызы
Мектеп, сынып	Қостанай облысы, Рудный қаласы, Рудный қаласы әкімдігінің «№19 орта мектебі» КММ, 10-сынып
Сабақ тақырыбы	Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Шайтанның саудасы» мысалы мен «Гүлшат-Шеризат» дастаны



Оқу мақсаты	Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Орта көлемді мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, екі шығармадағы кейіпкерлерге сипаттама бере алады.
	Оқушылардың көпшілігі: Мәтіннің негізгі идеясын анықтап, өз ойларын сыныптастарымен бөлісе алады.
	Кейбір оқушылар: Мәтіндегі негізгі идеяға қатысты өз көзқарастарын білдіреді және оны дәлелдей алады.
Осының алдындағы тақырып	Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығын оқып келу. «Шайтанның саудасы» мысалы мен «Гүлшат-Шеризат» дастанымен танысу.

Сабақтың барысы:

Жоспарланатын уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
Басы 2 минут	Амандасу. Сабақтың тақырыбына, мақсатына, сабақ барысында орындалатын тапсырмаларға, тапсырмалардың орындалу жолына, жетістік критерийлеріне тоқталады. Сыныпты топқа бөледі.	Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен және орындалатын тапсырмалармен танысады. Сурет қиындылары арқылы топтарға бөлінеді.	Сурет қиындылары
1 минут	«Шайтанның саудасы» өлеңінің аудионұсқасын қойып, шығарманың не туралы екенін анықтауға шақыру. – Балалар, аудионұсқадан не туралы естідіңдер?	https://bilimland.kz/kk «Қазақ әдебиеті аудиохрестоматиясы» арқылы «Шайтанның саудасы» өлеңінің аудионұсқасының бас жағын тыңдайды. Мұғалімнің сұрақтарына жауап беру арқылы, тақырыпты ашады.	https://bilimland.kz/upload/content/lesson/7712/media/a6d160ecd472d7746f9989fe9cc4cab3/174a7be97540df6a4832710c036c84c91404306167.jpg

2 минут	<p>– Ақын бұл шығармасы туралы не айтқысы келді?</p> <p>Ширату. Үй тапсырмасын тексеру үшін интерактивті тақтадан сөздерді көрсетеді де, оқушылардың атын атау арқылы сөздерді айтады.</p> 	Берілген сөздерге байланысты өткен тақырып бойынша ақпарат айтады. Мысалы, оқушыға «тілдер» сөзі берілсе, оқушы: «Мәшһүр Жүсіп араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгеріп, үнемі өз бетінше оқу, ізденудің арқасында өз заманындағы білімді адамдар қатарында болды» деп жауап беруі керек.	Интерактивті тақта. Сөздер: Туған жер, шығармашылық қадам, мақала, Самарқан, тілдер, Хұсайыновтар баспасы, Арқадағы жер атаулары, Әсет Найманбаев, дайын сюжет, «Сарыарқаның кімдікі екені», В.Радлов, мәшһүр, «Ғибратнама», Парохзат, тақырып.
---------	---	---	--

Ширату кезеңінің критерийі:


№	Оқушының аты-жөні	Оқушы көрсетілген сөз арқылы ақпаратты толық жеткізеді.	Ойын жеткізуде құрмалас сөйлемдерді тиімді қолданады	Өз ойын толық жеткізеді.
1	Асанов Асан	✓	✓	✓
2				

Сабақтың ортасы 7 минут	<p>«Шайтанның саудасы» мысалын меңгерту бойынша бейнежазбаны көрсету.</p> <p>«Қабырғадағы рөл» әдісін қолданады.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk «Қазақ әдебиеті» кітабынан «Шайтанның саудасы» өлеңі туралы таныстырылымды көреді.</p> <p>Оқушылар флипчартқа «Шайтанның саудасы» мысалы бойынша кейіпкердің суретін салады. Кейіпкердің суретінің ішіне сол туралы не білгендерін жазады да, сыртына кейіпкер туралы нені білгісі келетіні туралы сұрақтар жазады. Постерлерін қорғайды. Жазған сұрақтарын басқа топтарға қояды.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/home#lesson=15892</p> <p>https://bilimland.kz/upload/content/lesson/15892/media/245c7b6e03457045ecbdbdb054481804/content/script_00100/media/kz_10s_850_1b.mp4</p>
2 минут	«Шайтанның саудасы» мысалын қорыту	<p>https://bilimland.kz/kk «Дұрыс, бұрыс» 3-тапсырманы орындайды.</p>	
1 минут		Алдымен, глоссариймен танысады.	

10 минут	<p>«Гүлшат-Шеризат» дастаны бойынша глоссариймен танысады.</p> <p>Топтарға «Айналма бекет» әдісі бойынша тапсырманы түсіндіреді.</p>	<p>Оқушылар флипчартқа «Гүлшат-Шеризат» дастаны бойынша 5 сөйлемнен жазады. Шарты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөйлем жазу барысында әр сөйлемнің астынан жол қалдырып отырады және 3 қате жіберілу керек (емлелік, тыныс белгіден). 2. Келесі топқа басқа топтың флипчарты беріледі. 3. Келесі топ алдындағы топтың жазған әр сөйлемінің астына мазмұнын толықтыратын 5 сөйлем жазады. 3 қатені табады. 4. Флипчарттар қайтадан өз топтарына қайтарылады. Қателердің дұрыс табылуын тексереді. 5. Қорытынды шығарылады. 	<p>https://bilimland.kz/kk/home#lesson=15892</p> <p>https://bilimland.kz/kk/home#lesson=15894</p> <p>Флипчарттар, маркерлер.</p> <p>Топтық жұмыс Флипчарттар, түрлі түсті маркерлер</p>
----------	---	---	---

Топтық жұмыс кезіндегі топ басшысының бағалауы:


№	Оқушының аты-жөні	Өз пікірін ұсынады	Постер жасауда үлес қосады	Өз ойын нақты жеткізеді
1	Асанов Асан	✓		✓
2				

<p>Сабақтың соңы 7 минут</p> <p>3 минут</p>	<p>Дастанды қорыту</p> <p>Сабақты қорытындылау мақсатында «Сана саяжолы» әдісін қолданады. Оқушылардың арасынан 1 оқушыны таңдап, кейіпкер сайлайды.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/home#lesson=15894</p> <p>1,2-тапсырмаларын орындайды. Әр оқушы тақтаға шығып, тапсырма жауабына дәлелін айтады.</p> <p>Кейіпкер-оқушы ортада тұрады, ал қалған оқушылар екі қатарда тұрады. Кейіпкер-оқушы екі қатарда тұрған оқушылардың арасымен жүріп отырады, оқушылар оған кейіпкердің іс-әрекетіне сай дәлелдерін сыбырлаа айтады. 1-жағы – жағымды санасы, 2-жағы – жағымсыз санасы. Кейіпкер-оқушы екі жақты тыңдап өткеннен кейін, өз шешімін айтады. Қай жақтың дәлелдері нақтырақ болғанын айтады.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/home#lesson=15894</p> <p>«Сана саяжолына» қатысатын оқушылардың тұруы.</p>  <p>https://itest.kz/kz/kazak-</p>
---	---	--	--

	Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Шайтанның саудасы» мысалы мен «Гүлшат-Шеризат» дастаны туралы білімдерін қорыту	https://itest.kz/kz ресурсынан 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын орындайды.	adebieti#study-selection-select_content
--	---	--	---

Қорытынды кезеңінің критерийлері:

№	Оқушының аты-жөні	Өз аргументін анық жеткізеді	Кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады
1	Асанов Асан	✓	✓
2			

Рефлексия 3 минут		<p>«Бес саусақ» арқылы бағалау.</p> <p>Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты.</p> <p>Сұқ саусақ – мына сұрақ бойынша мен нақты жауап алдым.</p> <p>Ортанғы саусақ – мен үшін қиын болды.</p> <p>Аты жоқ саусақ – сабақтағы психологиялық ортаны мен қалай бағалаймын.</p> <p>Шынашақ – мен үшін жеткіліксіз болғаны.</p>
----------------------	---	--

Үйге тапсырма 2 минут	<p>«РАФТ» стратегиясы бойынша хат жаздыру.</p> <p>Р – рөл</p> <p>А – аудитория</p> <p>Ф – форма</p> <p>Т – тақырып</p>	<p>Оқушылар өздерінің қалауы бойынша кейіпкер таңдайды.</p> <p>Мысалы,</p> <p>Р – оқушы</p> <p>А – Парахзатқа</p> <p>Ф – хат</p> <p>Т – «Өз ісінді дұрыс деп санайсың ба?»</p>	Оқушы дәптері
--------------------------	--	--	---------------

Қосымша ақпарат

Бағалау	Пәнаралық байланыстар, денсаулық және техника қауіпсіздігі, АҚТ қолдау. Құндылықтармен байланыс.
<p align="center">Жетістік критерийлері</p> <p>Мақсатқа жетті:</p> <p>– Орта көлемді шығармалардың кейіпкерлерін сипаттайды;</p> <p>– Негізгі идеясы бойынша өз ойын дәлелдеп айтады.</p> <p>Мақсатқа жетуге талпынды:</p> <p>– Орта көлемді шығармалардың кейіпкерлерін сипаттайды; бірақ өз ойын дәлелдеуге қиналады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақ тілі • АКТ